

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 20 (931) 12 мамыр 2023 жыл

[facebook.com/tainsha.tany](https://www.facebook.com/tainsha.tany)



<http://tainshatany.kz>



[tainsha\\_tan@list.ru](mailto:tainsha_tan@list.ru)



## СҚО-да заңсыз алынған жер учаскесі кәсіпкерге қайтарылды

Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мемлекет мұқтажы үшін одан мәжбүрлі түрде алынған жер учаскесін қайтарып алды.

Есіл ауданының әкімдігі Петровка ауылының тұрғындарын жеке ауланың ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін жайылымдық жерлермен қамтамасыз ету мақсатында аграрийден ауданы 290 га жер учаскесін алып қою туралы қаулы шығарды.

Мұндай шешім шығаруға 2022 жылдың соңында Петровка ауылының тұрғындары үшін жайылымдар мен шабындық алқаптардың жетіспеушілігі мәселесі қаралған, ауылдық округ тұрғындары жиынының хаттамасы негіз болды. Алайда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңның нормаларына сәйкес, жер учаскелерін алып қою немесе жер учаскесін жалға алу мерзімдерін тоқтату туралы мәселелерді қарау жергілікті қоғамдастық жиындарына бекітілмеген.

Кәсіпкер өз құқығын қорғау үшін СҚО Кәсіпкерлер палатасына жүгінді, онда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің департаментімен бірлесіп сот органдарына талап арыз дайындау бойынша консультативтік көмек көрсетілді.

Алайда, Есіл ауданының әкімдігі СҚО мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының шешімі шыққанға дейін алдын ала әрекет етіп, жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы қаулының күшін жойды.

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДҚА БАРДЫ

Президент Жеңістің 78 жылдығына орай Мәскеудегі Қызыл алаңда өткен әскери парадқа барды. Сондай-ақ Белгісіз жауынгер бейітіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты. Парадта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Ресей Президенті Владимир Путинмен, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян болды.



## ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ТАҒЗЫМ!

Ұлы Жеңіс! Бұл – дүниежүзі халқы үшін қасиетті сөз. Ұлы Жеңіс – өшпес даңқ пен өршіл рухтың асқақтаған күні. Ұлы Жеңіс – арын байрақ, намысын найза еткен қаһармандықтың, ерен ерліктің көрінісі. Иә, ата-баба арманы ақиқатқа айналды. Адамзат атаулыға қасірет пен қантөгіс алып келген сұм соғыстың аяқталғанына биыл 78 жыл. Ерлік рухы ешқашан ұмытылуға тиісті емес. Күллі халық болып еске алатын айтулы датаны бұл жолы да аудан басшылығынан бастап ауған ардагерлері, полиция қызметкерлері мен сала басшылары ерекше құрметпен еске алды.

Жеңіс, Жеңіс! Оңайлықпен келмеген, Сондықтан да, қарсы аламыз гүлменен. Омырауы орден толған ағалар, Қан майданда ел намысын бермеген.

Бұл – тағзым алаңында айтылған әсерлі өлең. Ұлы Жеңісті терең толғаған қазақ поэзиясы аға буын мен жас ұрпақтың көзіне еріксіз жас келтірді. Мәңгілік шейіт болған боздақтар рухына арналып, «Мәңгілік алауға» аудан әкімі Б.А.Әлжанов бастап, ауған ардагерлері мен полиция, білім бөлімі, аурухана ұжымы, барлық мемлекеттік мекемелер мен жекелеген кәсіпорын өкілдері атынан тағзым 9 мамыр – тарих таңбалаған Жеңістің Ұлы күні. Отан үшін от кешіп, елімізге бейбіт ғұмыр сыйлаған ардагерлердің қаһармандығы ұрпаққа

мәңгі үлгі болып қала бермек. Сұрапыл соғыс жылдарында елде қалған аналар, буыны қатпаған балалар өздерінің барлық күш-қуатын халықтың бас көтеруі үшін жұмсады. Ауылда қалған азаматтар мен ақ жаулықты аналар таң атқаннан кешке дейін аянбай еңбек етті, соғысқа азық жіберіп, ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Осындай тауқыметті тағдыр мен бейнетті жылдарды бастан өткерген Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен Тыл еңбеккерлеріне, ауған ардагерлеріне ықылас пен құрметіміз ерекше. Міне, жылдағы дәстүр бойынша майдангерлердің есімі жазылған «Жеңіс» саябағында елжандылықты еске алдық. Ерлік ешқашан ұмытылмайды деген осы. Олай болса, егемен ел болу жолындағы мұратымызға өлшеусіз үлес қосқан батырлардың ұрпақтары жалғана берсін. Ұлы Жеңіс бейбіт күннің байрағы мәңгі желбіреуіне ықпал етсін! Жеңіс саябағында өткен салтанатты шараға еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін болды.. Аға буынның үмітін жалғар бүгінгі ұрпақ иелері жас бүлдіршіндер көк туды биікке желбіретіп, аға буынның ерлік рухын, ерліктерін ешқашан ұмытпайды.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

# ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС АЯСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі қазақстандық отбасын нығайтуға және дамытуға арналған базалық жағдайларды жасауға бағытталған жаңа әлеуметтік саясатты құруға негіз болады.

Әлеуметтік кодекстің қабылдануы бүгінгі күнге қолданылып жүрген 17 Заңның күшінің жойылуына әкеледі. Мысалы, егер қазір мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері 5 заңмен реттелетін болса, келешекте ол бір ғана Әлеуметтік кодексте болады.

Баяндау тәртібі әр адамның туғаннан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі өмір жолының кезеңдеріне сәйкес, барлық адамда бірдей бола бермейтін қажеттіліктерден туындауы мүмкін шараларды (өмірлік қиын жағдайдағы адамдар үшін әлеуметтік кепілдіктер) көрсете отырып құрылған.

ҚР Әлеуметтік кодексінің жобасында келесі бағыттар бойынша бірқатар шаралар қарастырылған:

1. Отбасының цифрлық картасын енгізу;
2. Жұмыспен қамту саласындағы жаңа тәсілдер;
3. Жаңа көші-қон саясаты;
4. Балалы отбасыларды қолдау шаралары;
5. Арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту;
6. Зейнетақы төлемдерін арттыру.

Сонымен қатар, Әлеуметтік кодекс қазіргі кездегі әлеуметтік қолдаудың барлық әлеуметтік кепілдіктері мен нысандарының сақталуын, оның ішінде азаматтарды зейнетақылармен, жәрдемақылармен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) төлемдермен қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік кодекс шеңберінде Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлері өзгеріссіз сақталады. Сонымен бірге, Әлеуметтік кодекстің жобасында:

- жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды жетектеп жүруге қызмет көрсететін 30 мыңға жуық жеке көмекшіні міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту. Бұл дегеніміз, әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жеке көмекшінің Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқығы болады, сақтандыру пакеті шеңберінде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан

медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы үшін еңбек өтілі және жинақтаушы зейнетақы төлеміне құқығы болады.

Әлеуметтік кодексті қабылдау: азаматтардың өздерінің әлеуметтік құқықтары мен міндеттері туралы бірыңғай білім көзін құруға; халықтың әлеуметтік әл-ауқатына автоматтандырылған мониторинг жүргізуге; әлеуметтік құқықтар мен кепілдіктерді қамтамасыз ету бойынша алдын алу шараларын қабылдауға; электрондық және проактивті форматта мемлекеттік қызметтер көрсетуге; азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалуы мен өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Елімізде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі 2005 жылдан бастап енгізілді, ол еңбекке қабілеттіліктен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға және бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайларына әлеуметтік тәуекелдердің 6 түрі бойынша сақтандыруды көздейді.

Осы мақсатта төлеушілер (жұмыс берушілер) өз қызметкерлері үшін Қорға ай сайын 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдар аударарды.

Әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда жүйенің қатысушысына (ол үшін Қорға әлеуметтік аударымдар төленген), ал ол қайтыс болған жағдайда оның асырауындағыларға Қордан әлеуметтік төлем төлеуге кепілдік беріледі. Бұл жұмыс істейтін азаматтар үшін республикалық бюджеттен базалық әлеуметтік қамсыздандыруға қосымша әлеуметтік қорғау деңгейі.

Қазіргі уақытта жүйемен 6,8 миллионнан аса адам қамтылған. 2022 жылы біздің елімізде шамамен 1,2 млн. адам әлеуметтік төлемдер алды.

А.С. Жүнісова,

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры.

## «Ұлт бірлігі – зор байлық»

1 мамырда Қазақстан Республикасында үлкен мерекелердің бірі болып саналатын - Қазақстан халықтарының бірлігі күні тойланады. Көптеген халық қазақ жерінде бұрынғы Кеңес Одағы үшін қиын кезеңдер – соғыс жылдарындағы қоныс аудару, жаппай жер аудару және эвакуациялау кезінен бері мекендейді. Мереке қарсаңында мектебіміздің қабырғасында «Ұлт бірлігі – зор байлық» атты кең ауқымды фестиваль-жермеңке өтті, онда сыныптар бірігіп, Қазақстан Республикасында тұратын байырғы халықтарды таныстырды. Фестиваль қатысушылары өздері ұсынған ұлт өкілдерінің тілінде қарсы алып, музыкалық нөмір мен ұлттық тағамдар ұсынды. Оқушылар, ата-аналар, ұстаздар бір ұжым болып, иық тіресіп дайындалды. Әділ қазы мүшелері сайысты қорытындылай келе, барлығына номинация атауларымен сертификаттар берді. Ал, мектеп оқушылары мен ата-аналары үшін ең жағымды тосын сый – Тайынша ауданының әкімі Әлжанов Берік Ақылжанұлының сыйлығы – мектептің барлық оқушылары үшін облыстық мәдениет үйінде мультфильмді тегін тамашалау болды.

Наталья КАЧАЛКИНА,

«Тайынша қаласының N4 орта мектебі» КММ директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

## ҰЛЫ ЕРЛІККЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ!

Дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысындағы жеңісті жақындатқан ата-апаларымыздың ерлік істері мәңгі өлмейді. Адамзат тарихында алапат қасірет әкелген осынау отты жылдардағы зобалаңның салмағының ауыр болғанын, бүгінгі ұрпақ ешқашан да ұмытпауы тиіс.

Осы жылы біздің тарихымызда үлкен орын алатын оқиға – Ұлы Отан соғысы артта қалғанына 78 жыл толады. Ғұмырымыздағы аса қуанышпен қарсы алатын мерекелеріміздің бірі - Жеңіс күні. Жеңіс күні қанша уақыт өтсе де, қилы өзгеріс болып жатса да, ұрпаққа ең ыстық мейрам болып қала береді. Бұл Жеңіс болмағанда көптеген елдер мен халықтардың тағдыры басқаша қалыптасып, Қазақстанымыз да тәуелсіз ел болмас па еді? Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні - соғыстан оралмай қалған жауынгерлердің рухына бас иіп, ал арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне бұрынғыдан да құрметпен қарап, олардың жауынгерлігіне және ерліктеріне тағзым ететін күн. «Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында» - деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер - Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, қазақ орнатқандар. Омырауларында жарқыраған орден-медальдарын тағып көзге оттай басылатын ардагер қатары жыл санап сиреп барады. Бұл күні олар сұрапыл соғыстан оралмаған қарулас майдангерлерді еске алады. Тарих беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршыны жасы қиылды...

Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Нұркен Әбдіров, Нұржан Қазбековтың және көптеген жерлестеріміздің аттары алтын әріптермен жазылды.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымызбен бабаларымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Соғыс майдангерлері Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер - қайратымен, ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы тарих үшін бұл азғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында «Отан үшін отқа түс, күймейсің» - деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету бүгінгі мен келер ұрпақтың өтелмес парызы. Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі Тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де, осынау мерекенің жемісі. Жеңіс күнін тарту еткен майдангер аталарымызға қаншама жақсылық жасасақ та жетпейді. Біздің бейбіт өміріміз үшін қан майданда ерліктің өшпес үлгісін көрсеткен батыр бабаларымызға мәңгілік тағзым!

Г. Т. КЕМЕЛЬБАЕВА,  
ҚЖӨЖҚҰБ кітапханашысы.

## ЖЕР ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабына сәйкес, 44-баптың 1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сауда-саттыққа (аукциондарға) шығарылатын мемлекеттік жер учаскесіне құқық беру белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі. Ол тәртіпке жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы өтінішті қарауға қабылдау, сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлу негізінде мәлімделген нысанның мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау, жер учаскесін алдын ала таңдау (елді мекен шегінде объектілер салуды қоспағанда, объектілер салу үшін жер учаскесі сұралғанда), жер комиссиясының қорытындысын дайындау, жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылдауы, сатып алу-сату немесе уақытша (қысқамерзімді, ұзақмерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу, жер учаскесінің шекарасын белгілеу, елді мекен шегінде объектілер салуға арналған жер учаскесін қоспағанда, жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау және беру жатады. Аталған тәртіп Жер кодексінің 48-бабының 1-тармағында көрсетілген ерекше жағдайларда сауда-саттық, конкурстар өткізбестен жер учаскелеріне құқықтар беру кезінде қолданылады. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін беру кодекстің 43-бабы, 1-тармағымен реттеледі. Осы ережеге орай мемлекеттік меншікпен және жер пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін беру уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізуді жергілікті атқарушы орган жүзеге асыра отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, мерзімді баспасөз басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарламаны жариялайды. Аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, тиісті облыс шегінде және оның интернет-ресурсында орналастыру үшін орталық уәкілетті органға хабарламалар жібереді. Облыс бойынша ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысқысы келетін жеке және заңды тұлғалар үшін 2019 жылдан 2022 жылға дейін жалпы ауданы 401,1 мың гектар жер теліміне 72 конкурс (оның ішінде егістік –75 мың га, жайылым – 311,6 мың га) ұйымдастырылды. Жыл аяғына дейін 36 мың гектар жерге 15 конкурс өткізіледі.

Елді мекен шегінде объект салу үшін (оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін де) жер учаскесі “Елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру” мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде кодекстің 44-бабы, 1-тармағы негізінде беріледі. Жер учаскелеріне жер пайдалану құқығын алуға мүдделі жеке және заңды тұлғалар белгіленген үлгідегі өтінішті “электрондық үкімет” веб-порталы арқылы www.egov.kz немесе мемлекеттік корпорация жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органға жолдайды. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 46 жұмыс күні ішінде электрондық жүйе арқылы орындалады. Мәселе оң шешілген жағдайда жергілікті атқарушы орган жер-кадастрлық жоспармен қоса жер учаскесін пайдалану құқығын беру туралы

шешімді ұсынады. Ал мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылса, дәлелді себептер көрсетілуі тиіс. Азаматтарды жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерімен қамтамасыз етуге келсек, 2005 жылдан бастап бүгінге дейін облыс бойынша – 7785, оның ішінде Петропавл қаласында – 2683, аудандарда – 5102 (2022 жылы – 362, Петропавл қаласында – 185, ауылдық елді мекендерде 177) жер учаскелері берілді. Биыл 28 жер учаскесі бөлінді. Коммерциялық мақсаттар үшін жер учаскесін беру тәртібі Жер кодексінің 48-бабының 1-тармағына сәйкес жүргізіледі. Яғни мемлекет меншігіндегі және пайдалануға берілмеген жер учаскелерін негізге жер учаскелерін жалға алу құқығын беру жер учаскелерін сату бойынша сауда-саттық немесе жер учаскесін жалға алу құқығын өткізу жолымен жүзеге асырылады. Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында (e-Qazyna) электрондық түрде рәсімделеді. Коммерциялық мақсаттар үшін жер учаскелерін беру мақсатында жергілікті атқарушы орган мемлекеттік тізілім порталында аукцион өткізілетіні туралы хабарлайды. Аукционға қатысу үшін әлеуетті жер пайдаланушы мемлекеттік мүлік тізілімінің сайтында тіркеледі, өзінің барлық деректемелерін көрсетеді. Сондай-ақ сайтта көрсетілетін кепілдік жарнаны төлейді және аукционға қатысуға өтінімді электрондық түрде береді. Бизнес субъектілерін дамыту мақсатында 2018 жылдан бастап өңірде жалпы ауданы 183,3 гектар 174 жер учаскесін сату немесе жер учаскелерін жалға алу құқығы бойынша – 33, өткен жылы 14 аукцион өткізілді. 2023 жылғы 5 сәуірдегі “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңға сәйкес республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқық беру тәртібіне өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, жер комиссиясында өтініштерді қарау, жер учаскесін қалыптастыру бойынша жерге орналастыру жобаларын және сәйкестендіру құжатын (жер учаскесіне мемлекеттік актіні) дайындау алып тасталды. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы және аудандық маңызы бар қаланың әкімі жер учаскесіне құқық беру жөніндегі шешімді қабылдау үшін жер учаскесіне құқық алуға мүдделі жеке және заңды тұлғалар жер учаскесін беруге өтінішпен қоса жер учаскесін бөлудің келісілген сызбасын тапсырады. Жылжымайтын мүліктің бастапқы немесе қайталама объектісінің техникалық, сәйкестендіру, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда орналасқан жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты сәйкестендіру құжатын (жер учаскесіне арналған мемлекеттік актіні) алмастыратын құжат болып табылады. Жер заңнамасындағы жоғарыда аталған өзгерістер 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Мейрам МЕНДІБАЕВ,

облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы.

## ДӘСТҮРЛІ МЕДИЦИНА КЕРЕМЕТІ

Бүгінде балтыры сыздап, басы ауырғандар арасында хиджама жасау, сүлік салу еміне жүгінетіндер көбейді. Оның ішінде нәзік жандылардың қатары еселенді. Өйткені, хиджама жасау кезінде адам бойындағы қан алмасу жақсарып, арам қан сыртқа шығады, жасушалар жаңарып, ағзаға оттегі еркін тарап, адам бойын зиянды заттардан арылтады деседі.

– Қазіргі медицина мен дәстүрлі медицинаның тепе-тең келе жатқан уақыты. Күн өткен сайын дәстүрлі медицинаға жүгінетіндердің қатары көбейді. Неге десеңіз, ағзаға ешқандай зиян келтірмей, сауықтырып жатырмыз. Әсіресе, бедеулік, генкологиялық ауру кезінде пайдасы өте көп. Хиджама денедегі өлген қанның клеткаларын алып тастағаннан кейін, жаңа қанның клеткалары пайда болады. Қан айналым жақсарып, ағзадағы қабыну процестерін азайтып, қоюланған қанды сұйылтады. Бұл ежелден келе жатқан емдеу тәсілі. Қозғалыссыз тұрған қан ескіре бастайды, өз қасиетін жоғалтады, ағзаға түскен зиянды нәрселерді жинайды. Бұндай тұрып қалған қан кесірінен денедегі әр мүше өз жұмысын толық атқара алмайды.

– Қан алдыру көптеген аурудың алдын алады.  
– Хиджама әйел адамның ағзасына өте шипалы. Өйткені, жас қыздар денеге жабыстырып киім кигеннен денедегі қанның іркілуі жүреді. Қан іркілгеннен кейін аналық клеткалардың жұмысы бәсеңдеп, қыз балалардың жүкті болуға қауқары жетпей жатады. Сондай-ақ, көп әйелдерде климакстық кезең ерте келіп қойып жатыр. Неге десеңіз, қажетті жерге қан айналымы болмаған кезде аналық клеткалар дұрыс жұмыс істей алмайды. Осындай кездерде біз хиджама жасау арқылы клеткаларды жаңартып, қан айналымын жақсартамыз.

– Хиджама қалай жүзеге асады?  
– Терінің жоғарғы жағындағы белгілі бір орындарды тілу арқылы қан шығарылады. Оған қазіргі заманауи құралдарды пайдаланған дұрыс. Ауру бір науқастан екіншісіне жұқпау үшін әрбір емделушіге жеке құрал-жабдықтары қарастырылуы тиіс. Хиджама жасалғанға дейін және кейін барлық құрал-дар тазаланып, дезинфекциялануы керек. Әрбір ем қабылдаушы үшін бұрын қолданылмаған жаңа құралдарды пайдалану қажет. Хиджама жасаудағы ең бастысы – тілік дұрыс болуы қажет.

– Көпшіліктің көкейінде жүрген яғни хиджамадан кейін «гепатит немесе қан ауруын жұқтырып алуым мүмкін» деген қорқынышта жоқ емес.

– Хиджамаға жүгінген кез келген жан дұрыс, сауатты маманды таңдай білсе, алаңдауға еш негіз жоқ. Біздің орталықта және өзіміздің шәкірттеріміз үнемі айтып, қадағалап отырамын. Яғни, әрбір адамға жекежеке банка, стерилді мақта, алмас, қолғап барлығы бір реттік қана болады. Бір адамға қолданғанды, екінші адамға қолдануға мүлде болмайды. Бұл менің өзіме де, шәкірттеріме де қоятын ең үлкен талабым. Осы тұста айта кетейін, осы уақытқа дейін 50-ден астам әйел ана болу бақытына кенелген екен. Бұның барлығы алдымен Алланың арқасы деп білемін. Себебі, «Бесік тербетілмеген үйде береке болмайды» дегендей, перзент – жаратқанның беретін үлкен сыйы. Ал біз, дәрігерлер осы бақытқа кенелу жолындағы себепші фанамыз...

– Сөзіңізге қарағанда шәкірт те тәрбиелеп жатқан секілдісіз?

– Ия, көп мамандарды дайындап жатырмын. Өзім «дәрігер» деген ардақты мамандықты арқалап келе жатқаным 9 жыл болды. Осы жылда жиған-терген білімімді, ізденіс пен тәжірибемді жинақтап, «Әмина» және @girudomed\_almaty01 медициналық орталығын аштым. Бұл менің әріптестерімнің, емделушілерімнің артқан сенімі арқасында жеткен жетістігім. Менің мақсатым – науқастарды мүмкіндігінше табиғи жолмен емдеу. Осы орайда, сіздерге терапиялық, гирудотерапиялық, гинекологиялық, хиджама салу, имбилдинг қызметтерін көрсетіп жүрмін. Бізде оқып жатқандардың алдыңғы қатары 61 жастағы невропатолог врач болса, одан кейінгі 25-30 жастағылар. Біздің орталықтағы мамандардың барлығы да білікті, арнайы оқытылған, өз істерінің нағыз білгірлері.

– Орталықта қыз-келіншектерге косметологиялық хиджама жоғары құранысық ие секілді...

– Адамдар қазір тез әзірленетін фаст фуд, хот-дог секілді тағамдарды тұтынады да, салдарынан асқазаны бұзылады. Сөйтіп, бетіне әртүрлі пигментті дақтар мен безеулер пайда болады. Мұны жойып, алдын алу мақсатында бетке хиджама жасау маңызды. Бүгінде бізге осы емді қолданушылар арасында ер адамдар көп. Соның ішінде жасөспірімдер жиі келеді. Косметологиялық хиджама беттегі қанды айналысқа түсіріп, адам көркіне әдемі рең беріп, ағартады. Табиғи сұлулықты сақтайды.

– Сіздің хиджамамен қатар, сүлікпен де емдейтініңізді білеміз? Сүліктің адам ағзасына қандай әсері бар?

– Сүлікпен емдеуде өте қарқынды дамып келе жатыр. Ешқандай химиялық дәрісіз көптеген қыз-келіншектердің ана атануына себепкер болудамыз. Сүліктер гармондық жүйені қалыпқа келтіріп, әрі қан айналымын жақсартып отырып әйел ағзасына оң әсер етеді. Біз тек арнайы сертификатталған медициналық сүліктерді қолданамыз. Бір рет қолданғаннан кейін, екінші рет қолданбаймыз, өлтіріп отырамыз.

«Әмина» және @girudomed\_almaty01 медициналық орталығынан көпшілікке мақала дайындаған Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.

## САЛЫҚ САЯСАТЫ ИКЕМДІ БОЛУЫ ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейінгі Жолдауларында жария етілген ауқымды реформаларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне арналған кеңейтілген кеңесте одан әрі дәйектеп, түпкі мақсат халықтың өмір сапасын жақсартуға, табысын көбейтуге, азаматтардың өзін-өзі дамытуға барлық мүмкіндікті жасауға жұмылдырылатынын айрықша атап көрсетті. Осыған орай азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агроөнеркәсіп саласын дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізе отырып, монополиядан арылту, мемлекеттік басқару ісін жетілдіру сияқты іргелі міндеттерді анықтап берді. Соның ішінде салық саясатын ынталандырушы және икемді етуді тапсырды. Облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы өздеріне орасан зор талаптар жүктелгенін терең сезіне отырып, салық түсімдерінің жалпы өнімге қатысты өсу қарқынын еселей түсуді басты мақсат еткен. Осы жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік бюджет жоспары 5,6 млрд. теңгеге асыра орындалды. Салықтық әкімшілендіру блогы бойынша жұмыс жалғасып, 1,6 млрд. теңгеден астам қосымша кіріс түсті. Оның ішінде камералдық бақылау хабарламалары – 572 млн., тексеру актілері бойынша өндіріп алу – 286 млн., жанама салықтар – 200 млн. теңге. Өндіріп алу шараларын кешенді түрде қолданудың нәтижесінде берешек 509,4 млн. теңгеге дейін азайды. Бұған салықтар мен төлемдерді кейінге қалдыру туралы шешімдер, дебиторлық нақты ақша мен сомаларды өндіріп алу есебінен банкроттық рәсімдерді жүргізу, шектелген мүліктерді сату жатады. Біз үшін азаматтарымыздың міндетті зейнетақы, әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары, әлеуметтік аударымдар секілді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері де маңызды. Жыл басынан бері әлеуметтік төлемдер бойынша қарыз 87,3 млн. теңгеге төмендетілді. Заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту жөнінде 178 қаулы шығарылып, 4,7 млн. теңге мөлшерінде айыппұл салынды. Барлық бизнес процестерді, цифрландыру, ақпараттық жүйелерді интеграциялау бағытында да тиісті шаралар атқарылып келеді. Тауарларды кедендік декларациялау толығымен алып тасталды. Кедендік тазарту “АСТАНА-1” ақпараттық жүйесі арқылы атқарылады, электрондық декларациялау енгізілді. Соның арқасында тауарларға арналған декларацияның 69 пайызы “жасыл дәліз” аясында орындалады. Шот-фактураларды электронды түрде жазып беру бағдарламасы іске қосылды, мұның өзі “көлеңкелі экономикаға” қарсы бағытталған пәрменді іс-қимыл тетігі болып табылады. Облыстың сыртқы сауда айналымы – 1,6, үш мемлекет аумағынан тауарлар импорты 2,4 есе өсті. Бүгінде барлығы 36 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі. Бірінші тоқсанда оның саны 225559 болды. Электрондық түрде 224833 қызмет ұсынылды. Кәсіпкерлік субъектілер мен азаматтарға бизнесі жүргізуді жеңілдетуге, салықтарды жылдам төлеуге, мүлік объектілеріне түзетулер енгізуге мүмкіндік беретін цифрлық өнімдер “e-salyq Busines”, “e-SalyqAzamat” мобильді қосымшаларының көмегімен әзірленеді. 2022 жылдан бері арнайы мобильді қосымшаны пайдалану арқылы арнайы салық режимі енгізілді. Бөлшек сауда бойынша қызмет түрлерінің саны артып, 180-ге жетті. Кеңейтілген кеңесте айтылғандай, реформалардың нәтижесінде елімізде көп нәрсе өзгерді. Бірақ қол жеткенге тоқмейілсуге болмайды. Мемлекет басшысы талап еткендей, қабылданған кез келген шешім мемлекетшіл-реформаторлық мәнге ие болуы тиіс. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде инфляция өскен сайын халықтың нақты табысы құнсызданып бара жатқанын, оны әлеуметтік саланың шығысы есебінен арттырудың шегі бар екенін ескертті. Бұған қоса тұтыну несиелері көлемінің көбейе түскені де ойландырмай қоймайды. Бұл әрекет инфляция кезінде жан бағудың амалы секілді. Мұндай ахуалдың әлеуметтік және саяси салдары өте ауыр болатыны коронавирустық инфекцияға қатысты қойылған карантиндік шектеулер кезінде анық байқалды. Бұдан бөлек, жұмыссыздық, халықтың бір бөлігінің әл-ауқатының төмендеуі, салық, коммуналдық төлемдер бойынша қарыздың ұлғая белегі дәрежеде теріс әсерін тигізіп, борышкерлер қатарын күрт көбейтті. Еліміз бойынша банк, микроқаржы ұйымдары алдында берешегі бар адамдардың саны 8 млн.-нан асады. Олардың жалпы қарызы 8 трлн. теңгеге жуық. 1,5 млн. жеке тұлғаның қарызын өтемегеніне 90 күннен асып, NPL90+ межесіне шығып кеткен. Азаматтардың табысын көбейту жолдары көп. Несиені, ең алдымен, пайда, табыс әкелетін салаға бағыттап, озық жобалар жүзеге асырылуы керек. Еңбекәуісі тұрақты жұмыс орындары құрылса, әсіресе ауылдықтардың нақты кәсіппен айналысуына жол ашылар еді. Екіншіден, бюджет тапшылығын, мемлекет қарызын, Ұлттық қордан аударылатын трансфертті және басқа да макроөнеркәсіптерді реттеудің оңтайлы бір әдісі – макроэкономикалық саясатты өте байыпты жүргізуге көп байланысты. Президент соңғы бес жылда бюджетке 30 трлн. теңге кем түскенін, осыған орай мәселені түпкілікті шешуді тапсырды. Жаңадан қабылданатын Бюджет кодексіне бұл жайттар жан-жақты ескеріледі деген ойдамыз.

Елімізде бекітілген жұмыспен қамту карталары шеңберінде жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген. Бұл мақсат үшін қазынадан 130

млрд. теңге бөлінген. Осы қаржының арқасында, яғни субсидия арқылы 150 мың адам жұмысқа орналасады. Оның бәрі – жастар және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтар. Солай бола тұра, жеке тұлғалардың банкрот мен қаржы ұйымдарынан рәсімдеген кредит мөлшерінің азаймай отыруы нәтижесінде? Кез келген мемлекетте экономиканы несиені арқылы қолдаудың екі жолы бар, оның бірі – халыққа берілетін кредит. Бұл қаражат тауарлар мен қызметтерге деген тұтынушылар сұранысын қанағаттандыруға бағытталады. Алайда жекелеген азаматтар тарапынан несиені уақтылы өтей алмай сияқты түйткіл қалыптасып, төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің тұйыққа тірелгені рас. Жағдайдың өте күрделі екеніне назар аударған Президент 2022 жылғы 5 қаңтарда жеке тұлғалардың банкроттығы туралы жаңа заң жобасын әзірлеуге тапсырма бергені белгілі. Осыған орай “Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілетін қалпына келтіру және банкроттығы туралы” Заң қабылданып, 2022 жылы 30 желтоқсанда қол қойылды. Аталмыш заң биыл 3 наурыздан бастап толық күшіне енді. Заң Қазақстан Республикасының азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеп, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді. Жеке кәсіпкер ретінде тіркелмегендер кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауына байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану, сонымен бірге бітімгершілік келісім жасау туралы арызды осы заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтық іс жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды. Деректер бойынша республикада бір млн.-нан астам адам несиелерін төлеу мерзімін бұзып, төлем қабілетінің жоқ екенін айғақтап отыр. Енді олар қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты өздерінің төлем қабілетін қалпына келтіруге, қаржылық төлемдерін біржола реттеп алуға құқылы. Облыс бойынша жеке тұлғалар банкроттыққа 492 өтініш беріп, 22-і қабылданды. Жүгінгендердің арасында атаулы көмек алушылар да, қарызын көп жылдан бері өтемегендер де бар. 156 өтініш қанағаттандырылмады. Оның нақты себептері бар. Заңда несиені төлей алмай жүрген азаматтардың төлем қабілеттігін қалпына келтірудің немесе банкрот етіп жариялаудың үш нақты жолы қарастырылған: олар – соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілетін қалпына келтіру. Барлық үш рәсімді борышкерлер ғана жазбаша өтініш беру арқылы жүзеге асыра алады. Бұған несиені берушілердің араласуға құқы жоқ. Соттан тыс банкроттық банкрот, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша және келесі шарттар негізінде қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, берешек 5,5 млн. теңгеден аспаса (1600 АЕК) және өтініш берген күннен бастап қатарынан 12 ай ішінде міндеттемелері өтелмесе, мүлік, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік жоқ болған жағдайда, банк берешектерді реттестіру бойынша жұмыс жүргізген жағдайда. Ал сот банкроттығы 5,5 млн. теңгеден асатын қарыздар негізінде азаматтардың мүлкі есебінен жүргізіледі. Өтініштер тұрғылықты мекенжай бойынша сот органымен барлық берешек түрлері бойынша қарастырылады. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі тұрақты табысы болған жағдайда, қарызды төлеу үшін (5 жылға дейін) сот тәртібімен бөліп төлеу мүмкіндігі қарастырылады. Банкроттықтан кейін 5 жылға дейін несиелер мен кредиттер алуды шектеу, 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгінуге, 3 жыл қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу талаптары бар. Заңның ерекшеліктері аз емес. Мәселен, өзге мемлекеттерде елден тыс жерлерге шығуға, қандай да бір қызметпен айналысуға, сайланбалы лауазымдарға орналасуға қатаң санкциялық тыйым салынса, Қазақстанда мұндай шектеулер жоқ. Егер жеке тұлға банкроттықтан соң заңды түрде жұмысқа орналасса және жоғары жалақы алатын болса, несиені төлеуге міндеттелмейді. Банкроттық рәсімі аяқталғаннан кейін салық есептілігі және өзге де ақпараттар негізінде кредитордан өзінің мүлкін жасырғандар не қарызын өтеуден жалтарғандар анықталса, банкроттық процедураның күші жойылып, ол адам борышкерге айналады, талап ету шаралары қолданылады. Сондықтан несиені қарызын кешіру бірреттік акция емес екенін түсінген абзал. Егер 12 ай ішінде берешек ішінара өтелсе, қарыз сомасы 1600 АЕК-тен асса, 6 ай ішінде атаулы әлеуметтік көмек алушы екені расталмаса, жұбайынан рәсімді қолдануға келісім алмаса, меншік құқығында жылжымайтын мүлкі, жер учаскесі, автокөлігі болса, бұл банкроттықтан бас тартудың негізгі себебі болып табылады. Банкроттық рәсімді қолданудан бас тарту туралы хабарлама алған жағдайда сотқа жүгінуге болмаса арызды қайтадан 3 айдан кейін беруге болады. Қазақстан банкроттық тәртібін реттеуге, заң тетіктері арқылы негіздеуге басымдық беріп отыр. Түпкі мақсат – азаматтардың төлем қабілетін қалпына келтіру институтын құру. Бұл жерде банкрот деп жариялауға жататындардың көбі кепілсіз тұтынушылық несиені және атаулы әлеуметтік көмек алып отырғандар екені ескерілген.

Төлеген ҚАБДӨШЕВ,  
облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы.

# «МЕНИҢ ӘКЕМ ЕШҚАШАН САТЫЛМАЙДЫ, ОЛ ОТАНШЫЛ АДАМ»

Ресми дереккөзге жүгінсек, қан майданға Қазақстаннан аттанғандардың 410 мыңы қайта оралмаған. Бұл жауынгерлердің 350 мыңы қазақ ұлтының өкілі болса, осылардың 271 мыңы хабар-ошарсыз кеткендер қатарында екен. Сол хабарсыз кеткен көп қазақтың бірі – Қайыржан Тікшекеев есімді жауынгердің мүрдесі 2020 жылдың наурыз айында Украинаның Киев облысына қарасты Макаровский ауданының Боровка селосы маңынан табылды. Сол жылдың қазан айында қазақ жауынгерінің сүйегі Астана қаласына ұшақпен жеткізіліп, елордадағы Әскери-тарихи музейде марқұмды ұлықтау іс-шарасы өткізілген соң, кіндік қаны тамған Дәуқара ауылындағы ата-баба қорымына жерленді. Осылай қатардағы солдат Қайыржан Тікшекеевке 80 жылдан кейін ғана туған жерінен топырақ бұйырды.

Қолымыздағы деректерге қарасақ, марқұм Қайыржан Тікшекеев 1916 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданындағы Дәуқара ауылында дүниеге келіпті. Ата-анасы қарапайым шаруа адамдары екен. Бұлардың 13 баласы болғанымен, ел ішін індет жайлаған жиырмасыншы жылдары 11 баласын қара жердің қойнына тапсырған. Тірі қалған бір ұл Қайыржан мен жалғыз қызы Мағризаны пана тұтып, өрт шалған өксігін басып сабыр еткен. Замана беті сәл бері қараған 1929 жылы ата-анасы Қайыржанды көрші Сулықөл ауылының бойжеткені Қайни Махметқызына үйлендіреді. Жас отау иелері кешікпей Мағрой атты қыз бен Дулат есімді ұлдың ата-анасы атанады. Хат-шотқа жүйрік Қайыржан Карл Маркс (бұрынғы Дәуқара ауылы) ұжымшарында есепші қызметін атқарған. Ол әскер қатарына шақырылғанда жарының құрсағында қалып бара жатқан үш айлық баласын аманаттап: «Мына нәресте ұл туса оның атын менің солдатқа аттанған құрметіме «Әскер» қойыңдар» деген екен. Осылай 1940 жылы шілде айында дүниеге келген Әскер Қайыржанұлы 2004 жылы бақилық болғанға дейінгі бар ғұмыры маңдайынан иіскеп үлгермеген әкесін іздеумен өтті. Осы ісін дүниеден өтерінде үлкен ұлы 1969 жылы туған Маратқа аманаттап кеткен. Осы орайда біз туған жеріне 80 жылдан кейін мүрдесі оралған Қайыржан Тікшекеевтің немересі нәм осы оқиғаның басы-қасында болған елорда тұрғыны кәсіпкер Марат Тікшекеевті сөзге тарттық: – Атамыз 1940 жылы 7 ақпанда әскерге борышын өтуге аттанған екен, – деді Марат Әскерұлы. – Әуелі Сочи қаласы маңында орналасқан әскери бөлімде тұрақтан көрінеді. Әскерге барған күннен бастап артында қалған туған-туыс, үш баласы мен жарына үнемі хат жазып тұрған. Біздің қолымызда атамыздың 12 хаты бар. Қазір біліп отырмыз соңғы хаты өлерінен бір апта бұрын жазылыпты. Бұл хаттарды апамыз Қайни көзінің қарашығындай сақтаған. Осы жазбаларда атамыз өзінің қайда жүргенін, қай жерге барғанын тәптіштеп жазыпты. Кейін мен осы хаттарда аттары айтылған елді мекендер бойынша карта жасап көрдім. Мысалы: Дәуқара – Сочи – Ворошиловград (қазіргі Луганск) – Святогорск – Карл Маркс (Украинадағы шағын село) – Ржищево деп келіп осы жерден атамыздың ізі жоғалғанын аңғардым.

Бұл жерде ескеретін дүние – 1941 жылы соғыс басталған күні атамыз Киев қаласы маңында ірге тепкен горнизонда болғаны анық. Соғыстың алғашқы күндері Вермахт әскерінің екпіні қатты болғанын білесіздер. Киев қаласы осы немістердің күшті соққысына тап болып, қорғап тұрған Қызыл әскер қосындары түгелдей талқандалғаны жайында білеміз. Осы қырғын Қайыржан атамыздың ғұмырын қиып кеткенін жаңа білдік. Яғни атамыз соғыс басталғанына бір-ақ ай толған 1941 жылдың 23 шілдесінде қаза тауыпты.

– Атаңыздың мүрдесі табылғаны туралы хабарды қалай білдіңіз?

– Пандемия нағыз күйіп тұрған 2020 жылдың 26 наурызы еді. Үйден әсте шығуға болмайды. Содан әдеттегідей әлем желіні ақтарып отырып, атамыздың сүйегі табылғаны туралы ақпарды көріп қалдым. «Тыкшикеев Каиржан 1916 жылы туған. Қазақ ССР, Көкшетау облысы, Айыртау ауданы, Дәуқара селосы» деп тұр. Дәл менің атам. Жарықтық әкемнің өмір бойы әкесін іздеумен өткен мұңлы күндері есіме түсіп, өксіп-өксіп жылап алдым. Дереве анама, іні-қарындастарыма хабарлап, керемет жаңалықпен бөлістім. Олардың бірі Алматыда, бірі Қызылжарда дегендей... Олар да таң-тамаша.

Сонау жылдары «аталарың Қайыржан тірі екен. Неміс әйелге үйленіп Германияда тұрады-мыс» дегенді де естідік. Анық-қанығына жету үшін бизнестегі әріптесім Германияның Эссен қаласының тұрғыны Виктор Кайзер арқылы іздеу салсам да,

нәтиже шықпады. Жалпы, адам баласының түйсігі алдамайды екен. Әкем: «Менің әкем ешқашан сатылмайды, ол отаншыл адам» дейтін еді. Ақыры әкемнің сол ойы шындық болды.

– Атаңыздың қандай әскери құрылым сапында майданға қатысқаны жайында дерек бар ма?

– Қай полкта, қай ротада қызмет жасағанын дәлдеп айту қиын. Бірақ мүрдесі табылған жерді анықтағаннан кейін зерделеп көрсек, атамыз Киевті қорғаған 28-таулы атқыштар дивизиясында болғаны анық. 1941 жылы шілде айында вермахтың «Оңтүстік» тобы Киев-Житомир бағытымен құтырына ұмытылғаны туралы дерек бар. Қызыл әскер немістерге қарсы үш атқыштар дивизиясын (28, 171 және 165-ші) қойғаны жайында майдангер-жазушы Равиль Байбуруннің «Идет война народная» атты кітабының «Героическая оборона Киева» атты бөлімінде толық суреттелген. Осы кітапта: «Д.И.Шепеленко бастаған 28-таулы атқыштар дивизиясының 144-атқыштар полкі өшпес ерлік жасап, бәрі қаза тапса да немістерге қатты қарсылық көрсетті» деген жолдар бар. Менің атам дәл осы 144-атқыштар полкында болған деген пайым айта аламыз. Өйткені полкта шепті қорғайтын мерген автоматшылар ротасы болған көрінеді. Өзіміздің Дәуқара ауылының тұмасы соғыстан аман оралған Әлімжан Дүйсенов: «Дәл соғыс басталардан бір күн бұрын түнде Қайыржанды бейтаныс командир келіп «сен автоматпен жақсы ататын мергенсің» деп алып кетті. Содан кейін ол кісіні көрмедім» дегеніне қарағанда атамыз алғы шепте болып, ерлікпен қаза тапқаны хақ. Алдағы күндері марқұм атамның ерлік істері ескеріліп, еліміз тарапынан марапаттау іс-шарасы жүзеге асса деген ұсынысым бар.

Біздің айтпағымыз қазақ жауынгерінің мүрдесін алғаш тапқан украиналық ізкесуші «Вертикаль» атты ұйым. Соның ішінде Володимир Жарко деген жігіт бастаған топ мүшелері. Бұларға әуелі даладан металл теріп күнелтіп жүрген темір іздеушілер хабарласқан. Олардың жер астында жатқан металл туралы хабар беретін құрылғысы дәл марқұмның зиратына келгенде ызыңдап белгі берген. Өйткені марқұмның темір каскасы мен күрегі өзімен бірге жерлегені пайдаға асқан. Металл іздеушілер аумақты қазып көріп, белгісіз солдаттың мүрдесіне тап болғаны жайында жоғарыдағы ұйымға хабарлаған. Олар келіп мүрдесінің аты-жөні, мекенжайы жазылған жез капсула барын аңғарған. Сөйтіп, бұл жауынгердің «Қайыржан Тікшекеев» екені анықталады. Осылай аты-жөні анықталған адамның қазақ екенін білген украиналық «Вертикаль» ұйымы Қазақстандағы әріптесі «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі арқылы жариялаған. Осы ақпарат тәжірдің қалауымен марқұмның немересі Марат Әскерұлының көзіне шалынған. Тағдырдың қалауын қарамайсыз ба?!

Көрді қазған ізкесушілердің айтуына қарағанда, марқұмды майдандастары қанды шайқас үстінде өзі қазған оқаптың ішіне асығыс бетін жасырып кете берген. Каскасы мен күрегін де алып үлгермеген. Шындығын айтқанда, соғыстың алғашқы айында мұздай қаруланған немістер жолындағы кеңестік әскери қосындарды шыбын шаққан құрлы көрмей апырып-жапырып, қырып-жойып өте шыққаны анық. Мұндай аласапыран шақта қайта марқұмның бетін жасырып үлгергені – үлкен ерлік.

Осы оқиға туралы 2020 жылдың мамыр айында украиналық «Интер» телеарнасы сюжет түсіріп, оны 9 шілде күні эфирге шығарған. Осы түсірілімді көрген «Еуразия» арнасының журналисі Наталья Максимова оқиғаны жетілдіре зерттеп жан-жақты қарастырылған хабар жасап шығады. Ол хабар телеарнаның «Жди меня» бағдарламасы арқылы 2020 жылы 12 қараша күні көпшілік назарына ұсынылады. Көп кешікпей бұл оқиға жайлы «Астана» арнасы 2020 жылы 26 қарашада «Герой великой победы» атты 17 минуттық деректі фильмді эфирге шығарса, «Астана» радиосы қазақ тілінде арнайы хабар ұйымдастырды.

Жоғарыдағы телесюжеттер мен радио хабардан аңғарғанымыз қазақ жауынгерінің мүрдесі туған жерге оралуына зор еңбек сіңірген адам Қазақстан елшілігінің Украинадағы әскери атташесі полковник Сәбит Бекмұратов көрінеді. Осы кісінің араласуымен әуелі Макаров селосының мәдениет үйінде қазақ жауынгерінің мүрдесін туған жеріне аттандырып салу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, 2020 жылдың қазан айында мүрде өзімен бірге табылған каска және сапер күрегімен бірге ұшақпен Астанаға жеткізіледі. Алыстан келген марқұмды ұлықтау рәсімі Әскери-тарихи музейде өтіп, әзіз сүйегі сексен жылдан кейін туған топырағымен қауышты.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,  
этнограф жазушы.



## 9 МАМЫР ЖЕҢІС КҮНІ

Тоғызыншы мамыр бұл жеңіс күні, Ардагерлер арқасында жарған бүрі. Әрбір жылы ықыласпен қарсы аламыз, Атаулы күн ерекше күннің бірі. Отаным дер ерлерім болмаса егер, Ардагерлер бар күшін салмаса егер. Осы бейбіт күнімізге жетер ме едік? Отан үшін отқа түсіп жанбаса егер?! Жеңіс күні оңайлықпен келгені жоқ, Оңайлықпен жеміс гүлін бергені жоқ. Ардагерлер арқасы деп білеміз, Бейбіт күннің бүгінгі бергені көп.

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні, жеңіс туы желбіреп, Жеңіс күні бір қуантар, мұңайтар. Отан үшін шайқасқан ата-бабалар, Бізге қарап бұл күндері сыр айтар. Ардагерлер саны азайып барады, Келместің бұл кемесіне мініп ап. Көктен қарап үн қатады біздерге, Көк аспанның биігінде тұрып ап. Отан үшін жанымызды бердік біз, Аялаңдар отаныңды, еліңді. Бұл азаттық оңайлықпен келген жоқ, Дейді олар: «сақта туған жеріңді».

## ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН

Жеңіс күні мәңгілік тарих болар, Әр жыл сайын аталып өтілетін. Жеміс гүлі тамырылап күйді берер, Әр жыл сайын мықты боп жетілетін. Тоғызыншы мамыр бұл, жеңіс күні, Елестетер сұрапыл шайқастарды. Желбіреген кез елестер жеңіс туы, Көз алдына әкеліп жай жапсарды. Қаншама адам айрылды бұл жанынан, Отан үшін шайқаста жанын беріп. Әлия мен Мәншүктер қазақ қызы, Оққа тосқан кеудесін, тәнін беріп.


Жібек Искакова,  
қоғам қайраткері, ақын.



# КӨКПАР ТАРТУ: НАМЫСШЫЛ ЖАС БАР, ҚОЛДАУШЫ БИЛІК БОЛСА...



Тайынша қаласында, 7 мамыр Отан қорғаушылар күні құрметіне өнерлерін ортаға салды. Мерекелік іс-шара аудан орталығында басталды. «Достық» алаңында мерекелік іс-шара барысында ауданның жасөспірімдері өздерінің әскери дайындықтарын, түрлі спорттық ойындардан білімдерін байқатты. Бұл күн қоғамдағы ең қауіпті мамандықтардың бірі-өртсөндіру қызметі. Қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан туындайтын қызыл жалынға бетпе-бет келіп, тілсіз жауды тізгіндейтін маман иелерінің қызметі шын мәнінде оңай емес. Тайыншалық өрт сөндіру бөлімшесінің ержүрек сарбаздары жиналғандарға отпен күресу техникаларын көрсетіп, қауіпсіздік ережелерін толық меңгерген маман екендіктерін байқатты. Сонымен қатар, осындай жағдайда алғашқылардың бірі болып



Тайынша ауданының бірқатар ауылдарында жас ұрпақты жауынгерлік және әскери машыққа баулитын ұлттық ойын — көкпар тарту кеңінен дамып жатыр. Қазір тайыншалықтар да көкпар тартуды қолға алуды жоспарлап жатыр.

Алғашқы көкпар ойынының құрамасында көкпаршылар 6 команда болды: Есіл, Тайыншадан екі команда- Вишневка мен Алабота, Уалихан екі команда, Ақжар. Бүгінде аудан өңірінде көкпаршылар саны қосылып жатыр. Олардың бәрі де сайдың тасындай. Жауырыны қақпақтай, білекті де жүректі жігіттердің тұлпарлары да өздеріне нағыз сенімді серік. Жүйріктер дүбірлі додаларда иелерін жерге қаратпады. Облыстық,

аймақтық, республикалық деңгейдегі жарыстарда Тайынша шабандоздары талайларды шаңқаптырып, жеңістұғырларына көтеріліп жүр. Олардың мықтылығына тәнті болған көршілес Кішкенекөл. Ұлттық спорт түрлері федерацияларының басшылары біздің жігіттерді өздерінің командаларында ойнауға бірнеше рет шақырған.

Ауыл жастарының ат спортына деген еткен федерация көкпар шабумен бірге аударыспақ, бәйге, теңге ілу, асау үйрету, жамбы ату ойындарын ұйымдастыруды да ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Биыл аудан көкпаршылары және көрші аудандардан арнайы келген көкпаршылар

көмекке келетін ақ халатты абзал жандар да өз білімдерін, алғашқы көмек жасап көрсетті.

Ұлттық спортты дамытудағы негізгі күш, басым салмақ алаботалық шабандоздар, олар бастаған жігерін жаныған, намысты азаматтар өздеріне сенімді. Содан да болар олар жеңімпаз атанды. Аудан, облыс намысы сынға түсетін дүбірлі додаларға көкпаршылар өздері ізденіп, ұлттық спортқа жанашырлардың қолдау-көмегіне сүйеніп барып жүр. Аудан құрамасындағы аттар да өздерінікі. Жүйрікті өздері жаратып, өздері баптайды.

Ата-баба мұрасын құрмет тұтқан өңірдің жас өрендері ат жалын тартып өсіп келеді. Қазақтың игі дәстүрі баланы ашамайға отырғызу да бұл өлкеде берік сақталған. Тайға мініп шапқылап жүрген баланы көкпар шабу кең таралған. Расында, жасы да, кәрісі де ұялы телефонға телмірген қоғамда балалардың тайға мініп топтасып, ат үстінде ойнауы қала түгілі, қазақтың көп ауылына үлгі болуына лайық.

Көкпар тартудың адам тануға, дос пен қасты айыруға да септігі мол. Серкені қазандыққа салсаң — абырой, дүбірлі жарыс болған соң сыйақысы тағы бар. Нағыз досты танитын шешуші сәт — осы кез, серкені қазандыққа салу сәті. Көкпарда серкені қарсыластан алған шабандозға өз жақтастары көмектеседі, оны «жетектеу» деп атайды. Бірлесіп әкеле жатқан серкені кейбір






жетектеуші жеме-жемге келгенде, қазандыққа жақындай бергенде қолынан жұлып алып, қазандыққа салып жіберіп, өзінің кім екенін көрсетеді. Тартыс барысында серкені алған шабандоздың еңбегі бағаланады. Мұнда жетектеушіге ұпай есептелмейді. Абырой да, ұпай да серкені салған көкпаршыда болатындықтан, кейбір жетектеушілер қазандыққа таяу келген тұста досының аяғынан шалып, оның тақымындағы серкені тартып алады. Міне, осылайша дос, жолдас, сыйлас жанның нағыз бет-бейнесі көрінеді.

Ауыл көшелерінде топтасып, тайға мініп, серуендеген балаларды көріп, көзің қуанады. Ауыл балаларының ұялы телефонға телміріп, бос уақыттарында доп құалаулары сирек. Қолдары қалт етсе, атқа мінуге, ат үстінде ойнауға құмар. Атқа міну ер баланың нағыз ер мінезді, ер тұлғалы болып қалыптасуына көмектеседі. Жалпы қазір дене бітімі жігітке ұқсайтын ер балалар азайып бара жатыр. Шаштарын өсірген, әлжуаз жастардың көбейіп кеткені өкінішті.

**Б**ойында ұлттық намысы бар, қажыр-қайраты мол ауыл азаматтарының ұлттық спортты дамыту үшін білек сыбанып, жұмылып жасап жатқан өнегелі, ізгі ісіне сүйсінесің. «Ұлттық спортты қолдауда жергілікті билік не тындырып жатыр?» Осы сұрақ төңірегінде нәтижелі істер атқарылып, жастарға қолдау көрсететін азаматтар болып жатса, әрине, Көкпар және тағы да басқа ұлттық ойындар өз жалғасын табады деген ойдамыз. Ауданда алғашқы рет өткізілген Көкпар ойыны өте жоғары деңгейде өтті. **Мерекелік іс-шарада бірінші болып сөз алған аудан әкімі Б.А.Әлжанов жиналғандарды атаулы мерекемен құттықтады. Осы мерекеге орайластырып ұйымдастырылған «Көкпар» ойынына қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тіледі. Бұл күні жиналғандар «Қыз қуу» ойынын да тамашалады.**

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



## Құттықтамаларымыз!

## Құрметті Бақыт Әкімбайқызы!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп жеттіңіз. «Қарттары бар ел – қазынасы бар ел» – деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Біз сізді жан жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын. Мерейтойыңыз құтты болсын!



ТАЙЫНША АГРОБИЗНЕС КОЛЛЕДЖИНИҢ ҰЖИМЫ.

## «ТАЙЫНША БАРЫСЫ»

7 мамыр - Отан қорғаушы күні қарсаңында біздің ауданымызда жыл сайын өткізілетін «Тайынша Барысы» турнирі өтті. Турнирге ауылдық округтердің балуандары қатысты. Бұл іс-шараның мақсаты 6 мамырда Петропавл қаласында өткізілетін «Қызылжар Барысы» Қазақша күресі бойынша облыстық турнирге іріктеу болып табылады. Әр ауданнан 2 мықты балуан қатысатын болады. Аудандық турнир қорытындысы бойынша «Тайынша Барысы» белдігінің иегері Аметхан Нұрболат, екінші орынды Санат Кахабаев иеленді, үшінші орын Тамерлан Хасенов. Жеңімпаздарға кубоктар, сертификаттар және медальдар табыс етілді.

БАЛУАНДАРЫМЫЗ  
БАБЫНДА

Жылдағы дәстүр бойынша қазақ күресінен «Қазақстан барысы» республикалық жарысының өңірлік іріктеу кезеңі саналатын «Қызылжар барысы» турнирі ұйымдастырылды. Петропавл қаласы мен аудандардан жиналған 29 балуан өзара мықтыны анықтады. Бозкілемге беттеген спортшыларды және қызықты белдесулерді тамашалауға жиналған жанкүйерлерді өңір басшысы Айдарбек Сапаровтың атынан аппарат басшысы Олжас Ыдырысов құттықтап, балуандарға сәттілік тіледі. «Қызылжар барысы» турнирі осымен 11-ші мәрте ұйымдастырылып отыр. Оған аудан және қала деңгейінде үздік атанғандар ғана қатысуға мүмкіндік алды. Жарыстың бас төрешісі Асылхан Болатовтың айтуынша, өңірімізде қазақ күресіне деген қызығушылық артып келеді, соның бір айғағы – «Қызылжар барысы» турниріне жастардың көптеп қатысуы. – Бұған дейін негізінен ересектер арасында белдесіп жүрген балуандар көп қатысатын. Биыл олардың қатарына жастар қосылды. Бұл – қуантарлық жайт. Ереже де жетілдіріле түсті. Әр белдесу бес минутқа созылады. Қарсыласын жеңген балуан келесі айналымға өтеді, – деген Асылхан Болатов турнирге салмағы 90 килограмнан асатын спортшылар ғана қатысатынын айтты. Жарыс басталмай тұрып, балуандар жеребе тартты. Бозкілемге бірінші болып Қызылжар және Жамбыл аудандарының балуандары шықты. Бұл белдесуде Қызылжар ауданының намысын қорғаған Нұрбек Жұрабековтің күші басым болды. – Облыстық турнирге дейін іріктеу жарыстары өтті. Қызылжар ауданында үздік атанып, өңірлік кезеңге жолдама алдым. Бірінші белдесуім оңай болмады. Жамбыл ауданынан келген қарсыласым Әділ Одан білекті жігіт екен. Дегенмен білетін айла-тәсілдерімді қолданып, жеңісті жұлпып алдым. Келесі қарсыласымды да жеңуге тырысамын, – деген Қызылжар ауданының балуаны сәл тынығып алу үшін арнайы бөлмеге қарай беттеді. Екінші болып бозкілемге Петропавл қаласы мен Уәлиханов ауданының балуандары шықты. Бұл кездесу ұзаққа созылмады. Кішкене көлден келген Қанат Өмірзақ қарсыласы Ермек Мұқажанның жауырынын жер иіскетті. «Бірінші белдесуімде айқын басымдықпен жеңіске жеттім. Енді келесі қарсыластарымнан да айламы асыруға тырысамын. Республикалық кезеңге өтуге барымды саламын», – деген Қанат Өмірзақ сөзінде тұрып, ақтық сынға дейін сүрінбей жетті. Финалда жерлесі Алтынбек Аусағитовпен жолы түйісті. Бұл белдесуде «Қызылжар арландары» спорт клубының басшысы әрі халық-аралық турнирлердің жеңімпазы Алтынбектің күші басым болды.

– Жарысқа кілең мықты спортшылар жиналды. Әрқайсысы өз деңгейінде өнер көрсетті. Жарыста жалғыз жеңімпаз болуы қажет, сондықтан соңына дейін күрестім. Енді «Қазақстан барысы» турнирінде бағымды сынайтын боламын. Өңір намысын қолдан бермеймін, – деді жарыс соңында Алтынбек Аусағитов.

«Қызылжар барысы» турнирінің жеңімпазы атанған Алтынбек Аусағитовқа 500 мың теңгенің сертификаты табысталды. Ал екінші орын алған Қанат Өмірзақ 300 мың теңгені қоржынына салды. Үздік үштікті түйіндеген Шал ақын ауданының спортшысы Азат Шәукеровке 200 мың теңге берілді. Алғашқы екі орынды иеленген балуандар «Қазақстан барысы» жарысында бақ сынады. Республикалық дода шілде айының басында Астана қаласында өтеді.

Аманжол НҰРТАЗИН, «Soltüstik Qazaqstan».

## МЕН ҮШІН БИІК ТҰЛҒА

1945 жылы мамырдың 9 жұлдызында Ұлы Отан соғысы кеңес елінің жеңісімен аяқталды. Бұл нағыз Ұлы Жеңіс болды. Сондықтан да осы күнді халықтар жыл сайын мейрамдап келеді. Бұл күн – Қазақстан Республикасында да белгілі мереке күндердің бірі. Қазақстандықтар соғысқа қатысып, ерлік көрсетті. Көптеген жауынгерлер тендесі жоқ ерліктер жасады. Менің Нұрғали атам да Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ол өте жақсы адам болған. Атам Бейсенбаев Нұрғали Көкшетау облысы, Чкалов ауданының Қарғалы ауылында дүниеге келген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылған. Жарақаты бойынша 1943 жылы Чкалов АӘК есепке тұрған. Әскери қызметің атқыш ретінде 1942–1943 жылдары Орталық майданда атқарған. Қатардағы жауынгер. «Германия жеңгені үшін» медалі, мерейтойлық медальдар, және басқада төсбелгілерімен марапатталған. Соғыстан кейін туған ауылына оралып, «Қарғалы» колхозында тракторшы боп еңбек етті. Өзі еңбекқор, өз ісіне тиянақты болды. Қайша әжем екеуі 4 бала тәрбиелеп, өсірді. Нұрғали атам 1989 жылы қайтыс болды, туған жерінде Қарғалы ауылында жерленген. Мен өзімнің атаммен мақтан тұтамын! Биыл Ұлы Отан соғысының өткеніне 78 жыл. Осы жеңіске 78 жылдығында ашық аспан астында, бейбіт өмірмен тойлағанымыз үшін ардагер ата-әжелерімізге айтар алғысымыз шексіз. Қаншама батырымыз бен ардагер ата-әжеміз осы Жеңіске еңбектерің сіңірген. Сол



кісілердің қажырлы еңбектерінің арқасында біздің еліміз қазір бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруде. Біз, кейінгі ұрпақтары, олардың еңбектерін ұмытпауға тиістіміз. Соғыс деген сөз суық естіледі. Жер бетінде ешқашан соғыс болмағанын тілеймін. Баршаңызды Жеңіс күнімен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ пен береке тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ұлы Жеңіс жолында аянбай жаумен шайқасқан атамды, «Менің атам батыр болған», – деп мақтанышпен айта аламын!

Бейсенбаева Айнұр, Тайынша қаласы.

## «ҰЛЫ ЖЕҢІС- ҰРПАҚҚА АМАНАТ»

Жалпыхалықтық мейрамға айналған 9 мамыр барлық халықты біріктіретін мереке. Көп жылдар артта қалса да, Ұлы Жеңіс күні біздің халқымыздың биік рухының, қайтпас қайсарлығы мен қаһармандығының нышаны болып табылады. Мерекеге орай Келлер ауылдық кітапхана қызметкерлері «Соғысты біз ешқашан ұмытпаймыз» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге жиналғандар арасында ауылдың қарт тұрғындары, мектеп оқушылары, ұстаздар, әкімшілік қызметкерлері болды.



Сонымен бірге Келлер ауылдық округінің елді мекендері Богатыровка ауылы және Кременчуг ауылында Ұлы Жеңістің 78 жылдығына арналған «Біздің есімізде! Біз мақтан тұтамыз!» атты іс-шара ұйымдастырылып, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ескерткіштеріне Ұлы шоқтары қойылудан басталған мереке Келлер ауылының орталық алаңындағы ескерткіш жанында митингімен жалғасты. Митингке ауыл тұрғындары, Келлер орта мектебінің ұстаздары мен оқушылары, мемлекеттік мекеме

қызметкерлері белсене қатысты. Көпшілікті Келлер ауылдық округінің әкімі Д.С.Ильясов, ардагерлер кеңесінің төрайымы Ситдинова Л.А. құттықтады. Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі болып, қаза тапқан жауынгерлердің құрметіне бір минуттық үнсіздік жарияланды. Мереке күні Хоршанбай Серікболдың ұйымдастыруымен сауда-саттық та өтті. Ауыл тұрғындары үшін кешке қарай «Ұлы жеңіс - ұрпаққа аманат» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 149. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.